

Ы. Алтынсарин атындағы облыстық балалар мен  
жасөспірімдер кітапханасы  
*Ақпаратты - библиографиялық бөлім*

Областная библиотека для детей и юношества  
им. И. Алтынсарина  
*Информационно-библиографический отдел*

## **«Заман сырын толғаған»**

(Жүсіпбек Аймауытовтың 80 жылдығына  
арналған)

**Жадынама**

## **«История о времени и о любви»**

(к 80-летию Ж. Аймаутова)

**Памятка**

Қостанай, 2011



Аймауытов Жусупбек  
(1889 - 1931)

## Жүсіпбек Аймауытов

Жүсіпбек Аймауытов - қазақтың көрнекті жазушысы, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі, драматург, аудармашы, зерттеуші, публицист. Павлодар облысының Баянауыл ауданында туған. Әкесі Аймауыт кедей болғанымен, арғы аталары Дәндебай мен Қуан текті, дәулетті, атақ-абырой біткен бай, ел арасында білікті кісілер екен. Жүсіпбек жастайынан арабша хат тану, оқу үстіне, ағаш шеберлігі, темір ұсталығы өнерін қатар үйренген. 15-16 жасында Павлодарға барып, орысша-қазақша екі сыныптық мектепке түседі. Онда ол бір жағынан бала оқытып, қаражат таба жүріп, оқуын 1914 жылы бітіреді де, Семейдегі оқытушылар семинариясына түседі.

1911—1914 жж. ауылда мұғалім болып істейді. 1914 жылы Семейдегі оқытушылар семинариясына қабылданады. Оны 1918 жылы аяқтап шығады. Мұнан соң алашордашылардың істеріне араласып, Семейде «Абай» журналын шығарысып, Қ. Сәтбаевпен, М. Әуезовпен танысады.

Кейін Алашордадан бөлініп, Коммунистік партия қатарына өтеді (1919). Қазақстан Кеңестерінің Құрылтайы съезіне делегат болып қатысып, Қазақ АҚСР Халық ағарту комиссариаты комиссарының орынбасары болып тағайындалады (1920). Мұнан соң Семей губерниялық оқу бөлімінің меңгерушісі (1921), «Қазақ тілі» газетінің редакторы.

Қарқаралыда мектеп мұғалімі (1922—1924), Ташкентте шығатын «Ақ жол» газетінің бөлім меңгерушісі (1924—1926), Шымкент педагогикалық техникумының директоры (1926—1929) қызметтерін атқарады.

1919-1924 жылдары Республика Халық ағарту комиссариатының алқа мүшесі, Семей губерниясы оқу бөлімінің бастығы, «Қазақ тілі» газетінің редакторы қызметтерін атқарып, екі жылдай Қарқаралы өңірінде мұғалімдік қызметте болады. 1924-1929 жылдары Ташкенттен шығатын «Ақ жол» газетінің әдеби қызметкері, Шымкент педагогика техникумының директоры қызметтерін атқарады.

Осы кезеңдерде ол ара-тұра сол кездегі саяси науқандарға араласады. Торғай уезінің ашыққан халқына жәрдем ұйымдастырып, жиналған малды «өзі пайдаланып кетті» деген жаламен жауапқа тартылып, артынан ақталады. 1929 жылы Қазақстандағы ұлтшылдық ұйыммен байланысы бар деген сылтаумен 14 адам тұтқындалады. Олардың ішінде Ж. Аймауытов та бар еді. ОГПУ органдары істі тергеп-тексеріп, тиісінше қылмысты іс қозғау жайында қаулы қабылдамастан-ақ бірден айыптау мақсатына кіріседі.

Аталған 14 адамның бәрін де тұтқындауға жеткілікті негіз боларлық айыптары жоқ болса да, прокурордың санкциясынсыз-ақ қамауға алады. Тергеу бір жылдан астам уақыт жүргізілген және заңсыз тұтқынға ұсталған осынша ұзақ мерзім ішінде сол 14 айыпталушының қылмысын дәлелдерлік бірде-бір объективті дерек табылмаған. Контрреволюциялық ұйымның бағдарламасы, жарғысы әлдебір алға қойған тәжірибелік мақсаттары мен соларды жүзеге асыруға тырысқан іс-әрекеттері жөнінде тергеушілер ешқандай нақты дерек жинай алмаған. Соған қарамастан, айыптау қорытындысы жасалған да, ешкімнің бекітуінсіз-ақ соттан тыс органның қарауына берілген.

Айыпталушылар іс материалдарымен таныстырылмаған, ешқайсысына да өздерін қорғау үшін мүмкіндік туғызылмаған. Аймауытовтың ісін қайта қарауға қатысқан Қазақ ССР Жоғарғы сотының төрағасы Т.Қ.Аймұхаметов «Осындай қолдан ұйымдастырылған жасанды іс бойынша 14 адамға түгелдей сырттай үкім шығарылған» дейді.

Осылайша 1931 жылы сырттай үкіммен атылған. **Шығармашылық мұрасы.** Сан қырлы талант иесі Жүсіпбек Аймауытовтың артында қалған шығармашылық мұрасы аса бай. Оның ішінде көптеген өлеңдер, "Қартқожа", "Ақбілек" романдары, "Күнікейдің жазығы" хикаяты мен "Әнші" секілді бірқатар көркем әңгімелері, "Рәбиға", "Мансапқорлар", "Қанапия мен Шәрбану", "Ел қорғаны", "Шернияз" пьесалары, "Нұр күйі" поэмасы, сондай-ақ бірсыпыра сын мақалалар мен аудармалары бар. Газет беттерінде жарияланған публицистикалық мақалаларының өзі бір төбе.

Жүсіпбек шығармашылығы әуел баста өлең жазудан басталады. Өзінің деректері бойынша ол тұңғыш өлеңін 13 жасында жазған. Оның ақындық жүрегінен туған "Жазушыларға", "Неғып отыр?", "Ах-ха-ха-хау", "Ұран", "Еңбекшілер ұраны" секілді өлеңдері мен "Нұр күйі" поэмасында ақын бұрынғы өмірдің келеңсіз жақтары мен өз дәуірінің көріністерін ақындық сезімталдықпен жырлайды. Ол құбылыстарды жанды да нанымды суреттер арқылы көрсетуге ұмтылады. Мәселен, "Көшу" өлеңінде қазақ ауылындағы көш суреттері, көштің сән-салтанаты көрінсе, "Ұршық" өлеңіндегі ұршық иірген кемпірдің монологы арқылы қарапайым өмір көрінісі бейнеленеді.

"Нұр күйі" поэмасы 1929 жылы Қызылордада жеке кітап болып басылады. Онда адамның көңіл күйі, қуанышы мен мұңы жырланады. Поэма жастарды өмірді сүйеге, қиындыққа қарсы тұра білуге шақырады.

Жүсіпбек Аймауытовтың әдеби мұрасының ең салмақты саласы — прозалық шығармалар. Кішігірім әңгімелерден бастап жазушы қаламынан "Қартқожа", "Ақбілек" романдары туды.

"Қартқожа" романы 1926 жылы Қызылордада кітап болып басылып шықты. Роман жиырмасыншы ғасырдың басындағы қазақ еңбекшілерінің, олардың әлеуметтік аласапыран тұсындағы тағдырын бейнелеген алғашқы күрделі шығармалардың бірі болды. Онда 1916 жылғы Ресей патшасының қазақ жастарын майданның кара жұмысына алу туралы жарлығы кезіндегі аласапыран, патшаның тақтан құлауы алдындағы қазақ ауылының көрінісі, адамдар психологиясы көркем бейнеленген. Жазушы осы тартыстар арқылы қазақ кедейінің қоғамдағы теңсіздіктің сырын ұғуы, әлеуметтік әділетсіздіктің себептерін түсінуі секілді ояну процесін көрсетуге ұмтылады.

Романдағы оқиғалар бас кейіпкер Қартқожаның басынан өткен нақты жағдайларға негізделген. Сол арқылы жазушы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының басталуы мен оның патшаны тақтан құлатқан 1917 жылғы ақпан төңкерісіне ұласуы, қазақ азаматтарының ел ішіндегі әлеуметтік тартысқа араласуы, алаш қозғалысының өмірге келуі, ақтар мен қызылдардың соғысы, қазан төңкерісі, азамат соғысы тұсындағы жайларды баяндайды. Осы оқиғалар

тұсында роман кейіпкері Қартқожа да есейіп, ес жинайды, алға қарайды, болашаққа бет алады.

Ж. Аймауытовтың "Ақбілек" романы кезінде кітап болып шықпаған. 1927—1928 жылдары баспасөзде жарияланған. Тақырыбы жағынан ол "Қартқожа" романымен үндес. "Қартқожада" көтерілетін күрес, азаттық идеясы "Ақбілекте" одан әрі жалғасады.

Романда ескі ортадағы жікшіл тартыстардан қорлық көрген қазақ қызының төңкерістен кейінгі жаңа сипатты заманның мүмкіндігіне сай өз құқығы үшін күресу жолы баяндалады. Шығарманың бас кейіпкері Ақбілек өшіккен адамдардың кесірінен ақ әскерлерінің тұтқынына түсіп, неше қилы қорлық көреді. Елінде де алуан қиындыққа жолығады. Кейін төңкерістен соң қалаға кетіп, оқу оқып, өз бақытын табады.

Ақбілектің басынан өтетін осы оқиғалар арқылы Жүсіпбек сол бір қилы-қыстау кезеңдегі қазақ ауылдарындағы өмір шындығын, адамдардың қилы-қилы тағдырын кең бейнелейді. Роман кейіпкерлері заман өзгерістерімен ілеседі, қоғамдағы өз орындарын іздейді. Түптің түбінде дегендеріне жетеді.

Қысқасын айтқанда, "Ақбілек" романы — бір ғана қазақ қызының күрделі тағдыры негізінде әлеуметтік төңкерістер тұсындағы қазақ ауылының өзгеру процесін суреттеген алғашқы қазақ романдарының бірі.

Сол кезеңдегі әлеуметтік әділетсіздік пен қазақ әйелінің трагедиялық тағдыры Ж. Аймауытовтың 1928 жылы жазылған "**Күнікейдің жазығы**" атты хикаятына да арқау болды. Хикаяттың бас кейіпкері Күнікейдің тағдыры арқылы жазушы ел өмірін, көшпелі жұрттың еш нәрсеге бас қатырмай, жайбарақат кешіп жатқан тіршілігін көзге елестетеді. Шарасыздықтан, әрекетсіздіктен сақтандырады. Ескіге қарсы күресу идеясын көтереді.

Хикаяттың бас кейіпкері Күнікей кедей қызы болса да, еті тірі, пысық. Шығарманың басында оның ұсқынсыз күйін, қараңғы үйде жатқанын көреміз. Маңында адам жоқ. Өзі ауру.

Жазушы осы тұста шегініс жасап, Күнікейдің өткен өміріне үңіледі. Қыздың өскен ортасы, отбасының жұпыны тіршілігі суреттеледі. Әкесі Құлтума—байдың малын баққан момын адам. Шешесі Шекер — үй тұрмысын берік ұстаған ширақ әйел. Күнікейдің жаратылысы да ешкімнен кем емес. Өрелі, өнерлі жас болып өседі. Тұрмыстың ұсақ-түйек етекбастылығынан өзін жоғары сезінеді Арын таза ұстайды. Сөйтіп жүргенде арам ойлы қаскүнемдердің қастандығына тап болып, кеудесін ашу мен ыза, намыс пен кек кернейді. Өзі үшін күресе жүріп, ұзатылған жерінен қашып кетіп, сүйген жігітіне қосылады. Бақытына енді қолым жетті дегенде, сүйген жігіті Байман да опасыздық жасайды. Күнікейді ауру еткен осы жағдайлар болатын.

Күнікейдің басынан өткен бұл жайларды жазушы сол дәуірдің тарихи-әлеуметтік шындығымен сабақтастыра суреттейді. Ескіліктің бұғауын бұзып, қыздың ұзатылған жерінен қашып шығуын, сүйгені Байманға қосылуын баяндау арқылы жазушы сол кезеңдегі адамдар санасында оянған азаттық, бостандық идеясын жеткізуге тырысады. Бірақ әлі де болса шын бостандық

жоқ, қазақ ауылына шынайы азат өмір жеткен жоқ еді. Күнікейдің соңғы тағдыры, Байманның опасыздығы осыны аңғартады.

Өзін осылайша талантты **прозашы** ретінде танытқан Жүсіпбек Аймауытовтың қаламынан бірқатар көркем әңгімелер де туды. 1918 жылы жазалған "Бетім-ау, құдағи ғой" атты әңгімесінен бастап, 1927 жылы жазылған "Ханалар тарихына" дейінгі аралықта өмірге келген "Елес" (1924), "Әнші" (1925), "Боранды болжағыш әулие" (1926) тәрізді әнімелерінің қай-қайсысынан да өзі өмір сүрген дәуірдегі елдің тұрмысын, ой-арманын, заман тынысын жетік білетін әрі оны көркем тілмен, парасатты оймен өрнектеп жеткізе алатын тамаша прозашының қолтаңбасы айқын байқалады.

"Боранды болжағыш әулие" әңгімесінде қазақ ауылының қыстың бір боранды күніндегі өмірі суреттеледі.

... Сақылдаған сары аяз. Қарадан қарап тұрып бірдеме шарт ете түседі. Не терезенің шынысы шатынайды, не жер, не мұз қақ айырылып, ырсиып қалады. Жермен бірге мұздақ қар да жарылып кетеді. Ақырында сары аяз мұрныңды қариды. Жеңіңнен шығарсаң, қолың илікпей, тас боп қалады. Түнде пешке қойып кептіріп алған етік, биенің бір сауымында ағаштай қақиып, таяқпен қақсаң сақ-сұқ етеді. Осындай күндерде біз мал жаямыз.

Қыстың аязды күнін жазушы осылайша дәл әрі көркем тілмен суреттейді. Бұдан әрі ұйтқып соққан боран, ыққан мал, адасқан малшылар жайында баяндайды. Сол боранда бірқатар мал қырылады. Әңгіме кейіпкері: "Шіркін, бұлай боларын алдын ала болжап білсем-ау", — деп армандайды. Кейін қалаға барып барометр туралы естиді. Соған қолым жетсе деген арманға беріледі.

Шағын ғана әңгімеде автордың өмір көріністерін суреттеудегі тамаша шеберлігі байқалады. Жазушы ұсынып отырған суреттер тура өмірдегідей қарапайым әрі түсінікті. Шын таланттың қаламынан туғаны байқалады.

Жазушының "Әнші" әңгімесі де дәл осындай нақты оқиғаға, өмірде болған тарихи адамның төңірегінде құрылған.

...Жетішатыр — жақсы қала. Қаптап жатқан қазақ. Жазы-қысы—қымыз, ойын-сауық— "кататься". Айт, той, құдалық, ат жарыс, күрес. Маскүнем. Төбелес. Үй қыдырған көлең-көлең ақ жаулық... Жаз шықса— пароход, паром, желқайық, жасыл арал, қалың орман... Көкке шыққан, гуләйт соққан, масайраған шат көңіл... Сырнай-керней... Қызық думан... Қайткенмен сергек қала.

Әңгіме Ертістің жағасындағы Жетішатыр қаласының өмірінен алынған осы суреттермен басталады. Қала тұрғындарының күнделікті тіршілігі осындай қысқа-қысқа образды ұғымдармен берілген. Адам туралы бір ауыз сөз болмаса да, қала адамының жай-күйін әбден жеткізіп тұр.

Одан әрі қымыз дастарқаны. Қымыз құюшы қыз Шекет, қымызға құмартқан қалалықтар. Осындай бір сәтте дастарқанға әңгіменің бас кейіпкері әнші жігіт Әмірқан келеді. Ән салады. Кейін Әмірқан қала жастары дайындаған спектакль-концертке қатысып, көпшіліктің қошеметіне бөленеді.

Оқиға желісі әңгімені баяндаушы мен Әмірқанның арасындағы достыққа ойысады. Екеуінің сырласуы, Әмірқан мен сұлу қыз Ақтамақтың арасындағы

ғашықтық хикаясы, жігіттің қызды алып қашуы, орта жолда қолға түсіп, сүйгенінен көз жазып қалуы, әншінің көз жасы, жабырқаған сәті баяндалады.

Әңгіме оқиғасы өтетін Жетішатыр қаласы — Семей, ал әнші Әмірқан — қазақтың жезтаңдай әншісі, әйгілі Әміре Қашаубаев еді. Жазушының көркем бейнелеу шеберлігі Әмірқан — Әміренің әншілік күдіретін, ән айтқан кездегі сипатын суреттеуге келгенде аса ғажайыптанып көрінеді. ...Ұшатын құстай қымтанып, қомданып алды, Отырғандар аузын ашып аңырды. Әнші жіберді. Бір бірауыздан ән салды, Азда болса бірегей болды.

Сүмірейте, қылмита соқты; желдете құтырта соқты. Лебізі құлаққа жағып кетті, жүректі тербетті, тамырды желпіндірді; бойды шымырлатты.

Бұл — ән айтып отырған әншінің бейнесі. Жазушы қаз-қалпындағы әсем сурет жасайды. Әншіні асыра мақтамайды, дәл бағасын береді. Ж. Аймауытовтың суреттеуіндегі Әмірқан елден оқшау тұрған ерекше адам емес. Көппен бірге тыныстап, айналасына өнерін сыйлап, ойын-сауық құрып жүрген қарапайым жандардың бірі. Оның қуанышы да елмен ортақ, өзгенікі секілді өзіне жетерлік арман-мұны да бар.

Тұтастай алғанда, Жүсіпбек Аймауытовтың көркем әңгіме жанрындағы еңбегі қазақ әдебиетінің көркемдік-эстетикалық көкжиегін кеңейте түскен құбылыс болды.

**Драмашы** ретінде Жүсіпбек Аймауытов ерте танылды. Семейде оқып жүргенде жастардың ойын-сауық кештеріне қатысып, өнер көрсеткен, басты рөлдерде ойнаған. 1917 жылдың аяғында оның "Ескі тәртіппен бала оқыту", "Рәбиға" атты тұңғыш пьесалары жазылып, сахнада қойылды. Кейінірек 1925 жылы "Ел қорғаны", "Мансапқорлар", 1926 жылы "Қанапия мен Шәрбану", "Шернияз" атты драмалық шығармалар жазады. Жүсіпбектің драмалық шығармаларына қоғамдағы әлеуметтік қайшылықтар негіз етіп алынады. Олардың негізгі тақырыбы — азаттық, бостандық идеясы. Халықты оқу-өнерге шақырады. Ел азаматтарын белсенді қимылға үндейді. Әйелдердің теңдігін қорғайды.

Жүсіпбек Аймауытов — өз дәуірінің келелі мәселелерін көтерген көптеген мәнді мақалалардың авторы. Кезінде "Абай" журналында, басқа да басылымдарда жарияланған мақалаларында ол аласапыран өзгерістер заманының шындығын насихаттауға ұмтылды. Сонымен бірге, әдебиет мәселелері төңірегіндегі мәселелерді қозғап, бірқатар әдеби-сын мақалалар жазды. 1918 жылы М. Әуезовпен бірігіп жазған "Абайдан соңғы ақындар", 1923 жылы жазған "Мағжанның ақындығы туралы", 1925 жылы жазылған "Сұңқар жыры", "Аударма туралы" атты мақалалары арқылы ол әдебиет сыншысы ретінде танылды. Оларда Жүсіпбектің әдеби шығарманы жазушы өмір сүрген дәуірмен, тарихи кезең ерекшеліктерімен байланыстыра отырып талдау шеберлігі айқын байқалады.

Жүсіпбек Аймауытов **оқу-ағарту мәселелеріне** қатысты бірқатар ғылыми еңбектер де жазды. Оның халыққа білім беру орындарында ұстаздық, жетекшілік қызмет атқара жүріп жазған жас ұрпақты жаңаша тәрбиелеу, жаңаша білім беру мақсатын көздеген "Тәрбиеге жетекші" (1924), "Психология"

(1926), "Жан жүйесі және өнер таңдау" (1926) атты елеулі кітаптары мен оқу құралдары кезінде халық тағдыры үшін ерекше рөл атқарған еңбектер болды.

Жүсіпбек Аймауытов кезінде аудармашы ретінде де танылды. Ол аударған А.С. Пушкиннің, Н.В. Гогольдің, А. Дюманың, Дж.Лондонның, Г. Мопассанның, В. Шекспирдің, К. Берковичтің, С. Чуйковтың шығармалары жаңа қалыптасып келе жатқан қазақ аударма өнерінің өрісін қаншалықты кеңейтсе, жазушының әлем әдебиетінің көрнекті туындыларын қазақ тіліне аударудағы тамаша аудармашылық талантын да соншалықты айқын танытты.

Жүсіпбек Аймауытов қаламынан туған мұралардың қай қайсысы да оның кесек дарын иесі екендігінің, гуманист суреткерлігінің, жалтақсыз ұлтжандылығының жарқын айғағы. Оның шығармалары өзі ғұмыр кешкен заманның, өзі араласқан қоғамның мұқтажын өтеуге оның ақ қарасын парықтауға арналған. Сөйте тұра көркемдік тегеурінінің қуаттылығы, идеялық ұстанымдарының сонылығы, сөз қолданудағы шеберлігі Жүсіпбек шығармаларының өміршеңдігіне кепіл болмақ.

Қазақстанның көптеген қалаларында Ж.Аймауытов атындағы көшелер бар. Павлодар облыстық Қазақ музыкалық драма театрына қаламгердің есімі берілген.

### **Ақбілектің бейнесін жасалу жолдары**

Жүсіпбек Аймауытұлы романы қазақ прозасын жаңа белеске көтерді. Жазушы Ақбілек бейнесін жасауда аса шеберлік танытқан. Жазушының Ақбілек тағдыры арқылы бүкіл қазақ тұрмысын, қазақ ауылының шынайы бейнесін, мінез-құлқын, тіршілігін, қам-қарекетін, сол аласапыран замандағы адамдар арасындағы арпалысты, ақ патша жендеттерінің елді ойран-топыр еткен жауыздық әрекеттерін беруі оның адам жанын тани білетін психолог екендігін көрсетсе керек.

Романды оқи отырып, Ақбілекпен бірге мұңайып егілеміз, ашуланамыз. Ақбілекпен бірге қуанамыз, күлеміз, қынжыламыз, қиын жағдайда одан шығудың амалын Ақбілектен бұрын ойластыруға тырысамыз, бірге толқимыз, бірге күресеміз. Осы жағынан алғанда жазушының кейіпкерлері адам табиғатын көркем, шынайы, сенімді суреттеушімен назар аудартады. Демек, бұдан қалың көпшіліктің де алар рухани әсері мол болмақ.

Романға алғаш ден қойып оқи бастағанда, жазушының өзі суреттегендей, Ақбілектің жүзі айтарлық айнадай боп, көзі құралайындай боп, күлкісі атқан таңындай боп, бойы құба талындай бақытты боп суреттелгенімен, оның кейінгі тағдыры орыстың қолына түскен әлдеқандай сорлының қара құманындай, қара астауындай, жырық шөмішіндей мұңлы, қайғылы.

Алыс Алтай аруын, Марқакөлдің балдай сұлуын, Мамырбайдың Ақбілегін, Ақбілегі - жас түлегін мұндай жаманшылыққа қимасаң да, басқа салса баспақшыл дегендей кер заманның ащы азабынан құтылмасынды білген соң уақыттың дегеніне көнесің, төзесің! Кене отырып, төзе отырып сол дәуірдегі



барлық қыз балаға ортақ тағдырдың неге мұншалықты қиын болғандығына налисың, толқисың кайғырасың!

Ауылда кайталанып жататын күнделікті тіршілік, ауыл түтіні, өзен гүрілі, малын жайлап, елдің орынға жайғасуы бәрі-бәрі басқадай нәрсені ойлауға мұрша бермесе де, Алтай бөктерінде ат мінген жалғыз адамның бейсауат жүруі, қалпағы бар, мылтығы бар, қылышы бар, көк шекпенді, қоқандаған, қоқиланған жат адамдардың ауылға келіп саусылдап түсіп жатуы, әйтеуір, бір сұмдықтың боларын сездіргендей қорқынышты сәттерді көз алдыңызға алып келеді. Бұдан әрі апатайын атып, Ақбілекті қанша қарсыласса да орыстардың аттарына өңгеріп алып кетуі, Ақбілектің жат орыстардың қолына түскеннен кейінгі аянышты халі кім-кімге де ой саларлық.

*"Ақбілек үстінде жатқан ашалы, ауыр қолды ақырын сырғытып қойды да, сыбдырсыз басын көтеріп, жер қорқақ болған ботадай, аяғын аңдап басып, сығалап қарап, жапсарды ашып, тысқа шықты. Төрт құбыладан бірдей ерейіп-серейіп үстіне төніп тұрған ақар-шақар тауларға да, тауға біткен үйірім-үйірім сабалақ жүнді орманға да, тау басында қайықтап жүрген бүркітке де, тауға тырмыса жайылып жатқан құмырсқадай жылқыға да, қостан аулағырақ өзек қуалай шыққан шоқ-шоқ бұтаға да Ақбілектің көзі тоқтап тұра алмай сырғанап келіп, жерошақ басындағы қазақтың қара құманына, қара астауына, жырық шөмішіне тоқтады"* (90-бет). Осы әдемі көрініс басқа жағдайда Ақбілекті әсем әуенге, ерекше күйге бөлеген болар еді. Бірақ, осы сәт оның назарынын қазақтың *"қара құманына, қара астауына, жырық шөмішіне"* тоқтауы - Алтайдың ерке сұлуының орыстың соддаттары үшін жаңағы заттардан айырмасы болмай қалғандығы. Бұл да - өмір, тағдыр талқысы.

*"Әуелгі кезде Ақбілек қолға түскен құралайдай, екі көзі мөлдіреп, көп ит анталаған бұралқы күшіктей құнысып, маңайындағы жанның бәрін жан алғыштай көріп, үркіп елегізіп жүрсе де, анасын, ауылын ойлап, аузына дәм салмай, аштан қатып, бүк түсіп көрсе де, әрі-беріден соң шыбын жаны түскір шыдатпады, мезгілсіз өле алмады"* деген (102-бет) жолдардан Ақбілетің ішкі киналысының, құбылмалы күйінің, жан тебіренісінің, жұмбақ табиғатының өте шебер суреттелгенін көреміз. Адам табиғаты дәл де нақты. Ол туралы: *Өмір шіркін неден сонша тәтті болды екен Адам дегеніңіз "Басқа түссе, басбақшыл" болады екен. Абақты екеш абақтыға да, зынданға да, соғысқа да жүре-жүре адамның еті үйреніп, көндігіп кетеді деседі, өлім жазасына бұйырылғанын естіген адам да тамақ жеп, ұйқы ұйықтап, өмір сүруден безе атайды деседі. Дүниеде адамнан көнгіш мақұлық бар дейсіз бе? Ақбілек те бірте-бірте тұтқынға еті өлгендей, бойы үйренгендей болды "* (105-бет).

Ендігі кезекте ақ әскерлерінің қызылдар дүмпуін естіп жансауғалап қашар кездегі ақ офицерінің іс-әрекетінен Ақбілектің жан арпалысын сеземіз.

Ақ әскерлерінің қашып, Ақбілектің бұдан кейінгі қоста жалғыз қалғандағы күйін жазушы сезім қайшылықтары арқылы береді. Ақбілек орыс офицерінен құтылғанына қуанышты еді.

Жас арудың бұлінген тағдыры, күлі көкке ұшқан арманы, аяққа басылған ары - оған кім кінәлі деген көкейіміздегі сұраққа жазушы: *Алды-арты тұйық,*

қараңғылық, не болары белгісіз... Сонда да Ақбілек тірі, Ақбілек сұлу... Ол елден асты: қазақ тұрсын, атағын орыс естіп, іздеп келіп, алып қашты. Орыс біткен бұған бола қырқысты. Кім біледі, тірі болса үмітсіз сайтан... Өз еркімен келіп отырған жоқ... Кара күшке тағдырға не шара? Жамандығынан мұндай болған жоқ Ақбілекті кім жазғыра алады? Малына, жанына ие болып отырған қай қазақ бар? Азар болса, жазықсыз құрбан болып жатқан көп қорғансыздың, көп сорлының бірі шығар,- деп жауап береді (267-бет).

Жалпы Ақбілек бейнесін жазушы уақытпен, кезеңмен, адамдармен байланысты алып өрістетіп отырады. Өмір, уақыт сипаттары айқын.

Оның диуанаға кездесіп, ағаларының алып кетуі ең бір бақытты сәттері болса, ауылына оралғаннан кейінгі тағдыры адам қызығарлықтай болмайды. Әкесімен, өгей шешесімен арадағы ара-қатынасы Ақбілекке ауыр тиеді. Ол өзін әкесінен біржола айрылғандай сезінеді. Тек жеңгесі Ұрқиямен болған әңгіме, сырларынан оның жамандық атаулыдан жирене отырып, өмірге деген құштарлығын, сенімін көреміз. Адами әлемі танылады.

**«Ақбілек» романы — халқымыз басынан өткерген күрделі кезең көрінісін, негізгі тұлға мен оның тәңірегіндегілер өмірін кең көрсететін танымдық-тағылымдық, парасатты туынды...**

**Р. Тұрысбек**

Дегенмен, Ақбілек жақсы адамдарға да кездеседі, олардың шапағатына да бөленеді. Оның өмірдегі ақылшысы, көмекшісі, жанашыры, болашақ өміріне жол сілтеген адамдар - ағасы мен жеңгесі. Өйткені олар оқыған, білімді адамдар

еді. Ағатайы мен жеңгесінің айтуымен Семейдегі 6 айлық курсты да, Орынбордағы оқуды да тәмамдайды, білім алады. Одан кейінгі тұрмысы да, оқуы да жөнделіп, театрға, киноға да барады, оқушылар ойын қойып, ойынды да тәуір ойнайды. Өзіне теңдес, оқыған жігіт Балташпен танысады.

Жан-жақты қолдау мен көмектің нәтижесінде үлкен жетістіктерге қол жеткізеді.

Жазушы Ақбілек бейнесін жасауда оның адамдармен қатынасын, сөз саптауын, ішкі сезімін пайдалана отырып, кейіпкердің характерін, жан-дүниесін, психологиясын жан-жақты бере білген.

Ақбілек - теңдікке ұмтылған, еркіндігі болмаса да азаттықты аңсаған, еркіндіктен түңілмеген, зорлыққа мойынсынбаған, өмірден тағылым-ғибрат алған, жан-жүрегі таза, махаббат, мейірімі мол өжет қыр қызы. Қаламгер, Ақбілек бейнесі арқылы қазақ әйелдерінің басындағы ауыр жағдайды, теңсіздік мәселесін онды көтеріп, көптің санасын оятуға үндеген.

## Акция тарихы



*Бір ел – бір кітап*

Қазақстандық «Бір ел – бір кітап» жобасының идеясы АҚШ-та өте танымал болған «Бір кітап, бір Чикаго» және «Егер Сиэтлдің бүкіл тұрғыны бір кітапты оқыса» деген кітапханалық жобаларына негізделген. Шартқа сәйкес бүкіл қала тұрғындары бір мезгілде бір шығарманы оқуға тиіс. Бір кітапты жалпы қала болып оқу идеясы АҚШ-тың солтүстік-батысындағы ірі қала Вашингтон штатына қарасты – Сиэтл көпшілік кітапханасының кітап орталығы тарапынан ұсынылған. 1998 жылы «Егер Сиэтлдің бүкіл тұрғыны бір кітапты оқыса» тақырыбымен алғаш өткізілген акцияның мақсаты – Сиэтл халқының бірлігін нығайту және оларға оқуды насихаттау. Бұдан соң осыған ұқсас мәдени шаралар Чикаго, Буффало, Рочестер қалаларында да ұйымдастырылды. «Бір кітап, бір Чикаго» (One book, one Chicago) бағдарламасы Чикаго жұртшылығына белсенді ықпал ету арқылы Чикаго көпшілік кітапханасында басталды. Оның негізгі мақсаты қаланың ересек тұрғындары мен жастарын бір кітапты бір уақытта оқуға және оны ұжым болып - отбасында, жұмыста жолдастары мен таныстары арасында, кітапханаларда, оқу мекемелерінде, кітап дүкендерінде, діни ұйымдарда, кафелерде және басқа да қоғамдық орындарда талқылауға ынталандыру болып табылады. Бұл - қаланың кенеттен кітапсүйерлер клубына тән өзгерістермен құбылатын күні. 2000 жылдың қазан айында Чикаго қаласында «Чикагода кітаптар апталығы: Оқуға құмар қала» тақырыбымен тұңғыш рет қалалық фестиваль өтті. Осы фестиваль аясында қоғамдық талқылаумен және авторлар баяндамаларымен бірге кітап тұсаукесерлері, сондай-ақ семинар, экскурсия секілді басқа да шаралар ұйымдастырылды. 7 апта бойы Чикагоның он мыңдаған халқына ауқымды іс жүргізіліп болған соң, Пулитцер сыйлығына лайық деп танылған америка жазушысы Харпер Лидің (1926 ж.) «Убить пересмешника» (1960 ж.) атты романы талқылауға түсті. Кітап авторы бүкіл әлем мен осы замандық Чикаго үшін өзекті болған толеранттық және нәсілшілдік сияқты маңызды мәселелерді алға тартады. Бүгінде «Бір ел – бір кітап» жобасының идеясы әлемдегі көптеген елдерге кең тараған (Испания, Латын Америкасы елдері және Корея т.б.). «Сто лет одиночества» романының авторы Габриэль Гарсиа Маркестің 80 жылдығына арнап Испанияда оқу марафоны өткен еді. Қалаушылар романды бірнеше күн бойы үздіксіз дауыстап оқыды. Осы марафонды Испания Үкіметі басшысының орынбасары Мария-Тереса Фернандес де ла Вега ашты. Бұдан дәл 40 жыл бұрын жарыққа шыққан романды 7 бетке сыйғызып айту үшін әрбір қатысушыға 15 минуттан уақыт бөлінді. 2003 жылы Кореяда бірлесе



оқуға негізінен балалар кітабы таңдалды. Бұл жоба одан кейін «Бір кітапхана – бір кітап», «Бір ауыл – бір кітап» деген жобалар түрінде көрініс тапты. «Жаппай оқу оқиғасы» жыл сайын Англияның оңтүстік-батысындағы тұрғындарды күйзелтуде. Бұл аталған облыстың барша халқы әр жылдың қаңтарынан наурыз айына дейін бір кітап оқуды қолға ала бастады. 2006 жылы олар Жюля Вернаның «Вокруг света за 80 дней» атты кітабын оқыды.

**«Бір ел-бір кітап» оқырмандар акциясы анықталды. 2011 жылы Ж. Аймауытов «Ақ білек» романының бүкіл ел оқиды.**

## Жусипбек Аймауытов

Выдающийся казахский писатель и поэт, талантливый ученый и просветитель Жусипбек Аймауытов родился в 1889 году (по некоторым источникам в 1890-м) в окрестностях Кызылтау, ныне Баянаульский район Павлодарской области. Отец Аймауыт был бедняком, но предки Дандебай и Куан были известными знатными людьми, пользовались почетом и уважением среди сородичей. С детских лет Жусипбек вместе со своими братьями Ахметом и Жакипбеком обучался грамоте, арабскому языку, а также плотницкому делу и кузнечному ремеслу.

До 15 лет он учился разным мастерским делам у отца и местного муллы. Затем и сам становится муллой и учит детей. В 18 лет Жусипбек одну зиму проучился в русской школе и два месяца в Павлодаре в казенной сельскохозяйственной школе, из которой был исключен, потому что вместе с другими учениками восстал против несправедливого школьного режима.

Два года проработав учителем у себя в ауле, он в 1914 году поступает в Семипалатинскую учительскую семинарию и заканчивает ее в 1918 году. Здесь он знакомится с К.Сатпаевым и М.Ауэзовым. Участь в семинарии и добывая себе на пропитание, Жусипбек не чурался никакой работы: был чеканщиком, столяром, плотником, сапожником, изготовлял домбры, сам играл, исполняя придуманные им же песни. Еще подростком, в 13 лет он писал стихи. Впервые Жусипбек печатается в 1913 году в газете «Қазақ». В 1916 году он написал пьесу на тему отправки казахов на тыловые работы.

В 1918-1919 гг. вместе с другими лидерами Алаш Орды перешел на сторону молодой Советской власти. В 1920 году вступил в ряды РКП(б), был избран делегатом съезда Советов Казахстана, членом коллегии Наркомпроса республики, работал редактором газеты «Қазақ тілі», сотрудником газеты «Ақжол», директором Чимкентского педагогического техникума. Но все это время не прерывает свою творческую деятельность. В 1918 году он вместе с Ауэзовым издавал журнал «Абай», где печатал свои публицистические статьи, рассказы, фельетоны, критические заметки. Здесь Жусипбек опубликовал прекрасный рассказ об Амре Кашаубаеве, которого обрисовал как выдающегося певца.

В 1929 году он переезжает в Кызыл-Орду для работы в газете «Еңбекші қазақ» и его арестовывают. Еще в 1926 году на Аймауытова написали донос,

обвиняя его в присвоении пожертвований, выделенных для голодающих Тургая, Кустаная, Актобе. Тогда он сумел отстоять свою правоту. Примечательны его доводы: «Я придерживался отцовских обычаев. Совестно и неудобно брать расписки от голодающих», - сказал Жусипбек в свое оправдание. Доносы на Аймауытова поступали не только анонимно, но и в открытой форме. Г.Тогжанов в 1929 году в статье «Жусипбек» называет его очернителем, лжехудожником, политическим «контрреволюционером». Теперь обвинение было гораздо более тяжким - участник нелегальной контрреволюционной организации. В апреле 1931 года Аймауытов был расстрелян.

За этими сухими протокольными датами проступает трагическая эпоха социальных потрясений и революционных преобразований. И эта эпоха словно бы пропитала великой солью творчества и созидания литературное и научное наследие Жусупбека Аймауытова.

Несмотря на короткий жизненный путь, творческое наследие, оставленное им, велико и значимо. Из под пера писателя вышли романы «Қартқожа», «Ақбілек», повесть «Вина Куникей», а также рассказы, стихи и пьесы. Не менее значима деятельность Аймауытова - переводчика. Им переведены на казахский язык литературные произведения русских классиков - А.С.Пушкина, Л.Н.Толстого, А.М.Горького. С русского языка на казахский им переведены также произведения представителей мировой литературы У. Шекспира, В.Гюго, Г.Мопассана. К тому же следует отметить, что именно Аймауытов закладывал основы перевода в казахской литературе - статья «О переводе» («Аударматуралы») была написана еще в 1925 году.

Литературно-художественное творчество Ж. Аймауытова условно можно поделить на два этапа. **Первый - просветительский этап** - вливается в общую струю литературного направления начала XX века и во многом созвучен с творчеством: А.Байтурсынова, М. Дулатова и С. Торайгырова. Аймауытов начинает свою литературную деятельность как публицист с небольшой заметки о купце, решившем с помощью подкупа стать волостным. Заметка была опубликована в газете «Қазақ» (1913). Затем в этом журнале публикуются стихи Аймауытова, в которых поэт обличает социальные пороки своего времени, говорит о многострадальной жизни своего народа.

